



**1972 жылғы Контейнерлерге қатысты кеден конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 6 мамыр N 319-II

Женевада 1972 жылғы 2 желтоқсанда жасалған Контейнерлерге қатысты 1972 жылғы кеден конвенциясына Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

**1972 ЖЫЛҒЫ КОНТЕЙНЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ  
КЕДЕН КОНВЕНЦИЯСЫ  
Кіріспе**

Уағдаласушы Тараптар,  
Халықаралық контейнерлік тасымалдауларды көздейтуге және жеңілдетуге  
ниет білдіре отырып,

Мына төмендегілер туралы келісті:  
I тарау. Жалпы ережелер  
1-бап

Осы Конвенцияны қолдану кезінде:

а) "әкелу баждары мен алымдары" термині жүктөрді әкелу кезінде немесе әкелуге  
байланысты, бірақ көлемі бойынша көрсетілген қызметтердің шамамен алғандағы  
құнына дейін шектелген сомалар мен алымдарды шығарып тастай отырып алынатын  
кедендей баждар мен барлық басқа баждарды, салықтарды, алымдарды және басқа да  
сомаларды білдіреді;

б) "уақытша әкелу" термині кейін әкету шартымен кедендей баждар мен алымдарды  
төлеуден босату арқылы және импорттық тыйым салулар мен шектеулер  
қолданылмастан уақытша әкелуді білдіреді;

с) "контейнер" термині:  
і) оған жүктөрді орналастыруға арналған толық немесе ішінара жабық ыдысты  
білдіретін; (\*)

- ii) тұрақты сипаты бар және осыған байланысты көп мәрте пайдалану үшін қызмет ететіндей жеткілікті мөлшерде берік;
  - iii) жүктерді көліктің бір немесе бірнеше түрімен аралық қайта тиесіз тасымалдауды оңайлату үшін арнайы конструкцияланған;
  - iv) оны қайта тиесіз, атап айтқанда көліктің бір түрінен екіншісіне, қайта тиесіз жеңіл болатында тұрғыда конструкцияланған;
  - v) оны тиесіз мен түсіру жеңіл болатында тұрғыда конструкцияланған;
  - vi) ішкі көлемі кемінде бір текше метр болатын көліктік жабдықтарды (тор, алмалы-салмалы цистерна немесе осында керек-жарақ) білдіреді;
- "контейнер" термині мұндай керек-жарақтар мен жабдықтардың контейнермен\* бірге тасымалдануы шартымен контейнердің осы түрі үшін қажетті контейнердің керек-жарақтары мен жабдықтарын қамтиды. "Контейнер" термині көлік құралдарын, көлік құралдарының керек-жарақтарын, қосалқы бөлшектерін және орамды қамтымайды;
- d) "ішкі тасымалдаулар" термині аталған мемлекеттің аумағында тиелген

және сол мемлекеттің аумағында түсіруге жататын жүктерді тасымалдауды білдіреді;

- e) "тұлға" термині жеке де заңды да тұлғаны білдіреді;
- f) "Контейнерлерді пайдалану жөніндегі кәсіпорын" термині контейнердің иесі болып табылатындығына немесе табылмайтындығына қарамастан оның пайдаланылуына тиімді бақылау жасауды жүзеге асыратын тұлғаны білдіреді.

(\*) 6.0.1.c) i) - 1-қосымшаны қараңыз

2-бап

Осы Конвенцияда көзделген шарттар контейнерлерге қолданылуы үшін контейнерлер 1-қосымшада жазылған ережелерге сәйкес таңбалануға тиіс.

II тарау.

Уақытша әкелу

a) Уақытша әкелудің шарты

3-бап

1. Әрбір Уағдаласуши Тарап 4-9-баптарда айтылған шарттарды орындау кезінде жүк тиелген контейнерлерді де, бос контейнерлерді де уақытша әкелуге рұқсат етеді.

2. Эрбір Уағдаласуышы Тарап сатып алудың, жалға алудың немесе жалға алу-сатып алудың немесе өзінің аумағында тұратын немесе сол аумақта тұракты тұратын жері бар адам жасасқан осындай сипаттағы келісім-шарттың нысанасы болған контейнерлерді уақытша әкелуге рұқсат етпеу құқығын өзінде қалдырады.

#### 4-бап

1. Уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген контейнерлер олар әкелінген күннен бастап үш айдың ішінде әкетуге жатады. Алайда, бұл мерзімді құзыретті кеден органдары ұзартуы мүмкін.

2. Уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген контейнерлерді әкету кез келген тиісті кеден арқылы, егер бұл кеден уақытша әкелу жүзеге асырылған кеден болып болып табылмайтын жағдайларда жүзеге асырыла алады.

#### 5-бап

1. 4-баптың 1-тармағындағы әкетуге қатысты талапқа қарамастан бұл талаптар аталған мемлекеттің ережелеріне сәйкес және оған оның кеден органдары рұқсат ететін дәрежедегі шартпен айтарлықтай зақымданған контейнерлерге қатысты қолданылмайды, оларға:

- a) олар ұсынылған сәтте және олардың қандай жағдайда ұсынылғаны ескеріле отырып олардан алынатын әкелу баждары мен алымдары салынатын; немесе
- b) осы елдің құзыретті органдарына тегін берілуі; немесе
- c) мүдделі тараптардың есебінен ресми бақылаумен жойылатын болады,

әрі бүтін қалған бөлшектері мен материалдарына олар ұсынылған сәтте және олардың қандай жағдайда ұсынылғандығы ескеріле отырып олардан есептелетін

әкелу баждары мен алымдары салынатын болады.

2. Егер уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген контейнер қамау салудың нәтижесінде әкетіле алмайтын болса, 4-баптың 1-тармағында көзделген әкету туралы талапты орындау қамау салу уақытына тоқтатыла турады.

b) Уақытша әкелу рәсімі

6-бап

Осы Конвенцияның шарттарына сәйкес уақытша әкелінген контейнерлерге оларды әкелу және әкету кезінде кедендік құжаттар көрсетілмесsten, сондай-ақ кепілдіктер берілмесsten 7 және 8-баптардың ережелері үшін зиянсыз, уақытша әкелу режимі қолданылады.

7-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап контейнерлерді уақытша әкелуді 2-қосымшада айтылған контейнерлерге уақытша әкелу рәсімдерінің барлық шарттылықтарын немесе олардың бір бөлігін орындаі отырып негіздей алады.

8-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап 6-баптың ережесі қолданылмайтын жағдайда контейнерді әкелуге және әкетуге қатысты қандай да болмасын кепілдіктің түрін және/немесе кедендік құжаттарды талап ету құқығын өзінде сақтайды.

d) Уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген контейнерлерді пайдаланудың шарттары

9-бап

1. Уағдаласуши Тараптар осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес уақытша әкелу рәсімдері қолданыла отырып жүктөрді ішкі тасымалдаулар үшін әкелінген контейнерлерді пайдалануға рұқсат етеді және бұл жағдайда әрбір Уағдаласуши Тараптың 3-қосымшада көрсетілген барлық немесе кейбір шарттарды орындауды міндетке енгізуге құқығы бар.

2. 1-тармақта көзделген ереже әрбір Уағдаласуши Тараптың аумағында контейнерлерді сүйрейтін немесе тасымалдайтын көлік құралдарына қатысты қолданылатын ережелер үшін зиянсыз қолданылатын болады.

b) Ерекше жағдайлар

10-бап

1. Уақытша әкелінген контейнерлерді жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді уақытша әкелуге рұқсат етіледі.

2. Әкетілмеген ауыстыратын бөліктер мұдделі елдің тәртіпперіне сәйкес және бұл елдің кеден органдарында жол берілетін дәрежеде:

а) олар ұсынылған сэтте және олар ұсынылған жағдай ескеріле отырып, олардан есептелетін әкелу баждары мен салықтары алынатын; немесе

б) бұл елдің құзыретті органдарына тегін берілетін; немесе

с) мұдделі Тараптың есебінен ресми бақылаумен жойылатын болады.

3. 6, 7 және 8-баптардың ережелері 1-тармақта көзделген қосалқы бөлшектерді уақытша әкелуге тиісті өзгерістермен қолданылатын болады.

11-бап

1. Уағдаласуши Тараптар уақытша әкелінген контейнерлердің, не контейнермен

бірге әкелінетін және жеке немесе басқа контейнермен әкетілетін, не жеке әкелінетін және контейнермен бірге әкетілетін керек-жарақтары мен жабдықтарын уақытша әкелуге рұқсат етуге келісті.

2. 3-баптың 2-тармағының және 4, 5, 6, 7 және 8-баптардың ережелері 1-тармақта көрсетілген контейнерлердің керек-жарақтары мен жабдықтарын уақытша әкелуге тиісті өзгерістермен қолданылатын болады. Бұл керек-жарақтар мен жабдықтар олар көрсетілген тармақтың ережелері қолданылатын контейнерлермен бірге тасымалданған жағдайда 9-баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес ішкі тасымалдауларда пайдаланыла алады.

### III тaraу. Контейнерлерге кедендей мөрлермен және пломбалармен тасымалдауларға рұқсат ету

#### 12-бап

1. Кедендей мөрлермен және пломбалармен жүктөр тасымалдауға рұқсат ету мақсатында контейнерлер 4-қосымшада айтылған Тәртіптердің ережелеріне жауап беруі тиіс.

2. Рұқсат ету 5-қосымшада көзделген рәсімдердің біріне сәйкес жүргізіледі.

3. Бір Уағдаласуышы Тарап кедендей мөрлермен және пломбалармен жүктөрді тасымалдауға рұқсат еткен контейнерлерге басқа Уағдаласуышы Тараптар да кедендей мөрлермен және пломбалармен халықаралық тасымалдаудың кез келген режимінде рұқсат етеді.

4. Әрбір Уағдаласуышы Тарап 4-қосымшада айтылған шарттарға жауап бермейтін контейнерлерге рұқсат ету туралы куәліктің жарамдылығын танымау құқығын өзінде қалдырады. Әйтсе де, Уағдаласуышы Тараптардың байқалған ақаулардың үлкен мәні жоқ және контрабанданың мүмкіндігіне байланысты емес жағдайда тасымалдауды бөгемегені жөн.

5. Рұқсат ету туралы куәлік одан әрі танылмайтын кез келген контейнер кедендей мөрлермен және пломбалармен жүктөрді тасымалдаулар үшін қайталап пайдаланардың алдында оған рұқсат ету үшін негіз болған жағдайға келтірілуі не қайтадан рұқсат ету рәсіміне қойылуы тиіс.

6. Қандай да бір ақаулық контейнерге рұқсат ету рәсімі кезінде

болғандығы байқалған жағдайда оған жол берген құзыретті орган бұл туралы құлақтандырылады.

7. Егер 5-қосымшаның 1 а) және б) тармағында сипатталған рәсімдерге сәйкес кедендей мөрлермен және пломбалармен жүктөрді тасымалдау үшін рұқсат етілген контейнерлер 4-қосымшаның техникалық жағдайларына іс жүзінде жауап бермейтіндігі анықталса, рұқсат берген құзыретті орган контейнерлерге талап етілетін техникалық жағдайларға сәйкес келтіру үшін қажетті шараларды қолданады немесе рұқсат етуді тоқтатады.

#### IV тарау. Тұсіндірме жазбалар

13-бап

6-қосымшада келтірілген тұсіндірме жазбалар осы Конвенция мен оған Қосымшалардың кейбір ережелерін тұсіндіруді қамтиды.

#### V тарау. Басқа да ережелер

14-бап

Уағдаласушы Тараптар мұндай түрғыда берілген жеңілдіктер осы Конвенция ережелерінің қолданылуына кедергі жасамауы шартымен бір жақты шешімнің күшімен де, екі жақты немесе көп жақты келісімдердің негізінде де беретін немесе бергісі келетін неғұрлым жеңілдікті жағдайларды қолдануға кедергі жасамайды.

15-бап

Осы Конвенцияның ережелерін кез келген бұзу, оның салдарынан осы Конвенцияның ережелерімен берілетін жеңілдіктердің қандай да бір тұлғаға немесе затқа заңсыз қолданылуы орын алған кез келген жалған құжат жасау, жалған декларация немесе іс-әрекет аталған елдің заңдарына сәйкес құқық

бұзушылық жасалған елде санкцияға экеп соқтырады.

16-бап

Уағдаласушы Тараптар тиісті өтіну болған жағдайда бір біріне осы

Конвенцияның ережелерін қолдану үшін қажетті ақпаратты және, атап айтқанда, контейнерлерге рұқсат етуге, сондай-ақ олардың конструкцияларының техникалық сипаттамаларына қатысты ақпаратты ұсынады.

### 17-бап

Осы Конвенцияға Қосымша мен Қол қою туралы хаттама Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылады.

### VI тарау. Қорытынды ережелер

### 18-бап

Қол қою, бекіту, қабылдау, мақұлдау және қосылу

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымына барлық мүше-мемлекеттердің не кез келген мамандандырылған мекеменің немесе Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің не Халықаралық Соттың Статутына қатысуышылардың, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы осы Конвенцияның қатысуышы болуға шақырган кез келген басқа мемлекеттің қол қоюы үшін 1973 жылдың 15 қаңтарына дейін Женевадағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бөлімшесінде және одан кейін 1973 жылдың 1 ақпанынан бастап 1973 жылдың 31 желтоқсанына дейін қоса алғанда Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Мекемелерінде ашиқ.

2. Осы Конвенция оған қол қойған мемлекеттердің бекітуіне, қабылдауына немесе мақұлдауына жатады.

3. Осы Конвенция оған 1-тармақта көрсетілген мемлекеттердің кез келгенінің қосылуы үшін ашиқ қалады.

4. Бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады.

### 19-бап

Күшіне енуі

1. Осы Конвенция бекіту, қабылдау, макұлдау немесе қосылу туралы бесінші құжат сақтауға тапсырылған күнінен бастап тоғыз ай өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны бекіткен, қабылдаған немесе макұлдаған немесе оған қосылған кез келген мемлекет үшін бекіту, қабылдау немесе макұлдау немесе қосылу туралы бесінші құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін осы Конвенция бұл мемлекеттен бекіту, қабылдау, макұлдау немесе қосылу туралы өзінің құжатын сақтауға тапсырған күннен бастап алты ай өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Осы Конвенцияның түзетулері күшіне енгеннен кейін сақтауға тапсырылған бекіту, қабылдау, макұлдау немесе қосылу туралы кез келген құжат Конвенцияның өзгерілген мәтініне қатысты деп есептеледі.

4. Түзетулер қабылданғаннан кейін, бірақ ол күшіне енгенге дейін сақтауға тапсырылған кез келген мұндай құжат бұл түзетулер күшіне енген күннен бастап Конвенцияның өзгерілген мәтініне қатысты деп есептеледі.

## 20-бап

### Контейнерлерге қатысты кедендік конвенцияның (1956 ж.) қолданысын тоқтатуы

1. Осы Конвенция күшіне енген сәттен бастап ол 1956 жылы 18 мамырда Женевада қол қою үшін ашылған Контейнерлерге қатысты кедендік конвенцияны тоқтатады және осы Конвенцияға қатысушылардың арасындағы қарым-қатынастарда оны алмастырады

2. Кез келген Уағдаласуши Тарап, егер оған сәйкес оларға бастапқыда тасымалдауға рұқсат етілген шарттарға бұрынғысынша жауап беретін болса, Контейнерлерге қатысты кедендік конвенцияның (1956 ж.) ережелеріне сәйкес немесе одан туындастырын, Біріккен Ұлттар Ұйымының қамқорлығымен жасалған келісімдерге сәйкес тасымалдауларға рұқсат етілген контейнерлер 12-баптың 1, 2 және 4-

тармақтарының ережелері үшін залалсыз кедендік мөрлермен және пломбалармен жүктөрді тасымалдауға рұқсат етеді. Осы мақсатта Контеинерлерге қатысты кедендік конвенцияның (1956 ж.) ережелеріне сәйкес берілген рұқсат ету туралы қуәлік бұл қуәліктердің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін рұқсат етілгендейдігі туралы табличкамен алмастырылуы мүмкін.

## 21-бап

### Осы Конвенцияға, оның ішінде оған Қосымшаға түзетулер енгізуудің рәсімі

1. Кез келген Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияға бір немесе одан көп түзетулер ұсына алады. Кез келген ұсынылған түзетулердің мәтіні оны барлық Уағдаласушы Тараптарға жолдайтын және ол туралы 18-бапта айтылған, Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын мемлекеттерді құлақтандыратын Кедендік ынтымақтастық кеңесіне хабарланады. Кедендік ынтымақтастық кеңесі, сондай-ақ 7-қосымшада айтылған рәсімнің тәртібіне сәйкес Әкімшілік комитетін шақыруы тиіс.

2. Осының алдындағы тармаққа сәйкес ұсынылған немесе Комитеттің сессиясында әзірленген және Комитетте қатысушылардың және дауыс берушілердің үштен екі көпшілік дауысымен мақұлданған кез келген түзету Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жолданады.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы түзетудің мәтінін қабылдау үшін Уағдаласушы Тараптарға, сондай-ақ ақпарат үшін 18-бапта айтылған, Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын мемлекеттерге хабарлайды.

4. Осының алдындағы тармаққа сәйкес хабарланатын кез келген ұсынылған түзету Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы ұсынылған түзетудің мәтінін хабарлаған сэттен бастап 12 айдың ішінде Уағдаласушы Тараптардың бірде бірі оған қарсы қарсылық мәлімдемесе қабылданған болып есептеледі.

5. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы мүмкіндігінше қысқа мерзімде барлық Уағдаласушы Тараптарға және 18-бапта айтылған, Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын мемлекеттерге ұсынылған түзетуге қарсы қарсылық мәлімделгені-мәлімделмегені туралы хабарлайды. Егер ұсынылған түзетуге қарсы қарсылық туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына хабарланған болса түзету қабылданбаған болып саналады және оған байланысты ешқандай шаралар

қабылданбайды. Егер мұндай қарсылықтар туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына хабарланбаған болса түзету осының алдындағы тармақта көрсетілген 12 айлық кезең аяқталғаннан кейін үш айдан кейін немесе оны қабылдаған сәтте Әкімшілік комитеті белгілеуі мүмкін неғұрлым кешірек мерзімде барлық Уағдаласушы Тараптар үшін күшіне енеді.

6. Кез келген Уағдаласушы Тарап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысын құлақтандыру жолымен осы Конвенцияны қайта қарау мақсатында конференция шақыру туралы өтінім жасай алады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы барлық Уағдаласушы Тараптарды бұл өтінім туралы құлақтандырады және егер Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы құлақтандырган күннен бастап төрт ай кезеңнің ішінде Уағдаласушы Тараптардың кемінде үштен бірі оған бұл өтінімді өзінің қолдайтындығы туралы хабарлайтын болса Конвенцияны қайта қарау жөнінде конференция шақырады. Мұндай конференцияны, сондай-ақ Әкімшілік комитетінен тиісті өтінім алуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы да шақырады. Әкімшілік комитеті мұндай өтінімді Комитетте қатысушылардың және дауыс берушілердің көпшілік дауысымен қабылданған тиісті шешім болған кезде ұсынады. Егер конференция осы тармаққа сәйкес шақырылса Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы оған қатысу үшін 18-бапта айтылған барлық мемлекеттерді шақырады.

## 22-бап

### 1, 4, 5 және 6-қосымшаларға түзетулер енгізуудің ерекше рәсімі

1. 21-бапта айтылған түзетулердің рәсіміне қарамастан 1, 4, және 5-6-қосымшаларға түзетулер осы бапта көзделгендей және 7-қосымшада айтылған рәсімдердің ережелеріне сәйкес енгізілуі мүмкін.

2. Кез келген Уағдаласушы Тарап Кедендік ынтымақтастық кеңесіне түзетулер енгізу туралы ұсыныстар жолдайды. Кедендік ынтымақтастық кеңесі оларды Уағдаласушы Тараптар мен 18-бапта айтылған, Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын мемлекеттердің назарына жеткізеді және Әкімшілік комитетін шақырады.

3. Осының алдындағы тармаққа сәйкес ұсынылған немесе Комитеттің сессиясында әзірленген және Комитетте қатысушылардың және дауыс берушілердің үштен екі

көпшілік даусымен қабылданған кез келген түзету Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жолданады.

4. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы түзетуді қабылдау үшін Уағдаласушы Тараптарға, сондай-ақ ақпарат үшін 18-бапта айтылған, Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын мемлекеттерге жібереді.

5. Егер бестен бір немесе бес Уағдаласушы Тарап, әрі бұл екі санның азы назарға алынады, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы ұсынылған түзетуді жолдаған сәттен бастап 12 айдың ішінде өздері бұл ұсынысқа қарсы қарсылық білдіретіндігі туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысын құлақтандырмаса, түзету қабылданған болып саналады. Қабылданбаған ұсынылған түзетуге қатысты ешқандай шара көзделмейді.

6. Егер түзету қабылданса, ол осының алдындағы тармақта айтылған он екі айлық кезең аяқталған соң үш айдан кейін немесе Әкімшілік комитеті оны қабылдау сәтінде белгілеуі мүмкін осындай неғұрлым кеш мерзімде аталған ұсынылған түзетуге қарсы қарсылық мәлімдемеген барлық Уағдаласушы Тараптар үшін күшіне енеді. Комитет түзетуді қабылдау сәтінде өтпелі кезеңнің ішінде бар Қосымша мұндай түзетумен қатар толық немесе ішінара күшінде қалатындығын да шеше алады.

7. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы Уағдаласушы Тараптарды

түзетудің күшіне енетін күні туралы құлақтандырады және 18-бапта айтылған, Уағдаласушы Тараптар болып табылмайтын мемлекеттерге хабарлайды.

23-бап

Күшін жою

Кез келген Уағдаласушы Тарап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына тиісті құжатты сақтауға тапсыру жолымен осы Конвенцияның күшін жоя алады. Күшін жою мұндай құжатты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін күшіне енеді.

24-бап

Қолданылуын тоқтату

Егер Уағдаласушы Тараптардың саны сабақтас он екі айдың қандай да бір кезеңінің ішінде бестен азды құраса күшін жоғалтады.

25-бап

## Дауларды шешу

1. Екі немесе одан көп Уағдаласуши Таралтардың арасындағы осы Конвенцияның түсіндірілуіне немесе қолданылуына қатысты, келіссөздер жолымен немесе басқа да реттеу құралдарымен шешіле алмайтын кез келген дау олардың бірінің өтінімі бойынша төрелік сотқа беріледі. Ол мынадай түрғыда құрылады: әрбір дауға қатысуши төреші тағайындаиды және бұл екі төреші төраға болып табылатын үшінші төрешіні тағайындаиды. Егер өтінім алынған күннен бастап үш ай аяқталғаннан кейін қатысуышылардың біреуі төреші тағайындаі алмаса немесе төрешілер төрағаны сайлай алмаса, қатысуышылардың кез келгені төрешіні немесе төрелік соттың төрағасын тағайындау туралы өтініммен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына өтінім жасай алады.

2. 1-тармақтың ережелеріне сәйкес тағайындалған төрелік сот шешімінің дауға қатысуышылар үшін міндетті күші болады.

3. Төрелік сот өз рәсімінің тәртібін белгілейді.

4. Төрелік соттың оның рәсімі мен отырыс өтетін жерге, сондай-ақ ол қарайтын кез келген дауға қатысты шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

5. Дауға қатысуышылардың арасында шешімді түсіндіруге және орындауға қатысты пайда болуы мүмкін кез келген дауды қатысуышылардың кез келгені бұл шешімді шығарған төрелік соттың қарауына беруі мүмкін.

## 26-бап

### Ескертулер

1. 1-8, 12-17, 20, 25-баптардың және осы баптың ережелеріне қатысты ескертулерді,

сондай-ақ Қосымшаларда қамтылған ережелерге қатысты ескертулерді қоспағанда, осы Конвенцияға ескертулерге, егер олар бекіту, қабылдау, мақұлдау және қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырғанға дейін ұсынылса, олар бұл құжатта расталған болса жазбаша түрде ұсынылуы шартымен жол беріледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы бұл ескертулерді 18-бапта көрсетілген барлық мемлекеттерге жолдайды.

2. 1-тармаққа сәйкес жасалған кез келген ескерту:

а) бұл ескертудің шеңберінде мұндай ескерту жасаған Уағдаласуши Тарап үшін осы Конвенцияның өзі қатысты ережесін өзгертеді; және

б) бұл ережелерді осындай шамада ескертуді жасаған Уағдаласуши Тараппен өзара қарым-қатынастарда басқа Уағдаласуши Тараптар үшін де өзгертеді.

3. 1-тармаққа сәйкес ескерту ұсынған кез келген Уағдаласуши Тарап

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жолданған құлақтандыру арқылы оны кез келген уақытта алып тастай алады.

27-бап

Құлақтандыру

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы 18-бапта көрсетілген барлық мемлекеттерге 21, 22 және 26-баптарда көзделген құлақтандырулар мен хабарлаулардан басқа:

а) 18-бапқа сәйкес қол қойылғандығы, бекіткендігі, қабылдағаны, мақұлдағаны және қосылғаны туралы;

б) 19-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшіне енген күні туралы;

с) 21 және 22-баптарға сәйкес осы Конвенцияға түзетулердің күшіне енген күні туралы;

д) 23-бапқа сәйкес күшін жоюлар туралы;

е) 24-бапқа сәйкес осы Конвенцияның қолданылуын тоқтату туралы хабарлайды.

28-бап

Бірдей мәтіндер

Осы Конвенцияның ағылшынша, испанша, қытайша, орысша және французша мәтіндері бірдей тең болып табылатын түпнұсқасы лайықты тұрғыда расталған көшірмелерін 18-бапта көрсетілген барлық мемлекеттерге жолдайтын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ретінде өз үкіметтері лайықты тұрғыда уәкілеттендірген төменде қол қоюшы Өкілдегі өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

Мың тоғыз жұз жетпіс екінші жылы екінші желтоқсанда Женевада ЖАСАЛДЫ.

## 1-ҚОСЫМША

### Контейнерлерді таңбалауға қатысты ережелер

1. Контейнердегі тиісті көрнекті тұсына берік түрғыда мынадай ақпараттар:

- а) иесінің немесе Контейнерлерді пайдалану жөніндегі негізгі кәсіпорынның бірегейлендірілген деректері;
- б) иесі немесе Контейнерлерді пайдалану жөніндегі кәсіпорын берген таным белгілері мен Контейнердің нөмірлері; және
- с) оның барлық тұрақты жабдықтарын қоса алғанда, Контейнер ыдысының салмағы жазылуы тиіс.

2. Контейнер тиесілі ел толық немесе елдің ИСО 3166 (\*) Халықаралық Нормада көзделген ИСО альфа-2 кодының көмегімен немесе халықаралық қозғалыстағы автокөлік құралдарын тіркеген елді білдіру үшін пайдаланылатын ерекшелік белгісі түрінде белгіленеді. Эр елде контейнерлерде оның атауын немесе ерекшелік белгісін көрсету туралы мәселе ұлттық заңнамамен реттелуі мүмкін. Контейнерлер иесінің немесе оларды пайдалану жөніндегі кәсіпорындардың бірегейлендірілген деректері не толық не соңғысының эмблемалар немесе жалаулар сияқты білдірімдерді алып тастай отырып бұрын белгіленген тану белгісінің (\*) көмегімен көрсетілуі мүмкін.

3. Кедендей мөрлермен және пломбалармен тасымалдауларға рұқсат етілген контейнерлерге одан басқа 5-қосымшаның ережелеріне сәйкес рұқсат ету туралы кестеге енгізілетін мынадай деректер:

- а) реттік зауыттық нөмірі (зауыттық нөмір); және
- б) егер оларға конструкциясының түрі бойынша рұқсат етілген жағдайда бұл түрдің тану нөмірлері немесе әріптері қойылады. \_\_\_\_\_ (\*) 1972 жылғы контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік комитетінің Екінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1984 ж. 13-15 ақпан); қүшіне енуі - 1985 жылғы 18 қыркүйек.

## 2-ҚОСЫМША

Осы Конвенцияның 7-бабында көзделген  
уақытша әкелу рәсімі

1. Осы Конвенцияның 7-бабының ережелерін қолдану кезінде әрбір Уағдаласушы Тарап уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген контейнерлердің қозгалысын тексеру үшін контейнерлердің иесі немесе оларды пайдалану жөніндегі кәсіпорын немесе олардың өкілдері бұл Контейнерлердің қозгалысын тіркейтін құжаттарды пайдаланады.

2. Мынадай ережелер қолданылатын болады:

- a) Контейнерлердің иесі немесе оларды пайдалану жөніндегі кәсіпорын контейнерлер уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінетін елде ұсынылуы тиіс;
- b) контейнерлердің иесі немесе оларды пайдалану жөніндегі кәсіпорын, не олардың өкілі жазбаша түрде:
  - i) көрсетілген елдің кеден органдарына олардың талап етуі бойынша оның аталған елге әкелінген және аталған елден әкетілген күні мен жерін қоса алғанда, уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген әрбір контейнердің қозгалысы туралы егжей-тегжейлі ақпарат ұсынуға;
  - ii) уақытша әкелу шарттары орындалмаған жағдайларда салынуы мүмкін әкелу баждары мен алымдарын төлеуге міндеттеме қабылдайды.

## 3-ҚОСЫМША

Контейнерді ішкі тасымалдауларға пайдалану

Әрбір Уағдаласушы Тарапқа өз аумағының шегінде осы Конвенцияның 9-бабының ережелеріне сәйкес контейнерді ішкі тасымалдауларда - пайдалануға қатысты мынадай шарттарды белгілеуге құқық беріледі:

- a) ақылға қонымды бағыт бойынша жүзеге асырылатын тасымалдаулардың нәтижесінде контейнер оған экспорттық жүк тиелуі тиіс немесе ол бос әкетілуі қажет жерге немесе оған мүмкіндігінше жақын жерге жеткізіледі;
- b) әкетілер алдында контейнер ішкі тасымалдауларға бір рет қана пайдаланылады.

#### 4-ҚОСЫМША

Кедендік мөрлермен және пломбалармен халықаралық

тасымалдауларға рұқсат етілуі мүмкін контейнерлерге  
қолданылатын техникалық шарттарға қатысты ереже

1-бап

Негізгі қағидаттар

Жүктөрді кедендік мөрлермен және пломбалармен халықаралық  
тасымалдауға тек мынадай:

- a) жүктөр контейнерлердің хатталған бөлігінен алынбайтындей немесе көрініп тұрған кедендік мөрлер мен пломбаларды бұзудың немесе оны бүлдірудің іздерін қалдырмастан тией алмайтындей;
- b) кедендік мөрлер мен пломбалар қарапайым да сенімді тәсілмен қойылатындей;
- c) оларда жүктөрді тығуға арналған ешқандай жасырын орындар болмайтындей;
- d) жүктөр орналасатын барлық орындар кедендік тексеру үшін оңай болатындей тұрғыда конструкцияланған және жабдықталған контейнерлерге ғана рұқсат етіледі.

2-бап

## Контейнерлердің конструкциясы

1. Осы Ереженің 1-бабының талаптарын қанағаттандыру үшін:

а) контейнердің құраушы элементтері (қабырғалары, едені, есіктері, төбесі, діңгектері, жақтаулары, көлденең қойылған элементтері және с.с.) көзге көрінетін із қалдырмastaн сыртынан алынбайтын және орынына қайта құрылмайтын құралдардың көмегімен, не көзге түсетін із қалдырмastaн өзгерту - мүмкін болмайтын мұндай конструкцияны қамтамасыз ететін әдістердің көмегімен біріктірілуі тиіс. Қабырғалар, еден, есіктер, төбесі әр түрлі элементтерден дайындалған кезде олар осындау талаптарға жауап беруі және жеткілікті мөлшерде берік болуы тиіс; (\*)

б) есіктер мен басқа да жабу жүйелері (бекіту крандарын, шығатын қақпақтарды, фланстарды және с.с. қоса алғанда) кедендік мөрлер мен пломбалар салына алатында ынғайластырылған болуы тиіс. Бұл ынғайластыру оны көзге көрінетін іздер қалдырмastaн сыртынан алуға және орынына қайта қоюға болмайтындај және есіктер мен жабу құрылғылары кедендік мөрлер мен пломбаларды бұзусыз ашылмайтындај болуы тиіс. Соңғысы тиісті түрғыда қорғалған болуы қажет. Ашылатын қақпақтар жасауға рұқсат етіледі; (1)

с) желдеткіштік және кәріздік тесіктер контейнердің ішіне енуге кедергі жасайтын құрылғымен жабдықталған болуы тиіс. Бұл құрылғы оны көзге көрінетін іздер қалдырмastaн сыртынан алуға және орынына қайта қоюға болмайтындај конструкцияда болуы тиіс. (2)

2. Осы Ереженің 1-бабының с) тармағының ережелеріне қарамастаң контейнердің практикалық түрғыдан алғанда бос кеңістікті (мысалы, қос қабат қабырғаның құраушы бөліктерінің арасында) қамтуы тиіс құрамдас элементтерінің болуына рұқсат етіледі. Бұл кеңістіктерді жүктөрді жасырып қалу үшін пайдалануға болmas үшін:

і) контейнердің ішкі қаптамасы оны көзге көрінетін іздер қалдырмastaн алуға және орына қоюға болмайтындај түрғыда жасалуы тиіс; немесе

іі) көрсетілген кеңістіктердің саны мүмкіндігінше шектелген болуы және бұл кеңістіктер кедендік бақылау үшін оңай болуы тиіс.

(\*) 6, 4.2.1. a) - 1-қосымшаны қараңыз (1) 6, 4.2.1. b) - 1-қосымшаны қараңыз (2) 6, 4.2.1. c) - 1 және 4.2.1. c) - 2-қосымшаларды қараңыз

## **Жималы немесе алмалы-салмалы контейнерлер**

Жималы немесе алмалы-салмалы контейнерлер осы Ереженің 1 және 2-баптарының ережелеріне жауап беруі қажет; оның үстіне олардың контейнерді құрастырғаннан кейін түрлі бөліктерін көрсететін құралдары болуы тиіс. Бұл көрсететін құралдар, егер олар құрастырылған контейнердің сырт жағына орналасқан болса оларға кедендік мөрлер мен пломбаларды салуға болатындай конструкцияда болу қажет.

### **4-бап**

## **Брезентпен жабылған контейнерлер**

1. Осы Ереженің 1, 2 және 3-баптарының ережелері оларға қолданылатында шамада брезентпен жабылған контейнерлерге де қолданылады. Оның үстіне, бұл контейнерлер осы баптың ережелеріне жауап беруі тиіс.

2. Брезент мықты кенептен не созылмайтын, жеткілікті мөлшерде берік, пластмассамен жабылған немесе резеңкіленген матадан дайындалған болуы тиіс. Брезент дұрыс жағдайда болуы және жабуға арналған керек-жарақты бекіткеннен кейін жүкке көзге көрінетін іздер қалдырмастан қол жеткізу мүмкін болмайтында түрғыда дайындалған болуы тиіс.

3. Егер, брезент бірнеше бөліктерден құрастырылған болса, бұл бөліктердің шеттері бір біріне бүгілуі және бір бірінен кемінде 15 мм алшақ екі тігіспен тігілуі тиіс. Бұл тігістер осы Ережеге қоса берілген N 1 суретте көрсетілгендей жасалуы тиіс; алайда, егер, брезенттің кейбір бөліктерінде (мысалы, артқы қайырма етегі мен күшайтілген бұрыштарында) етегін көрсетілген тәсілмен біріктіру мүмкін болмаса брезенттің жоғарғы бөлігінің шетін бұгу және етегін осы Ережеге қоса берілген N 2 және 2а суреттерде (1) көрсетілгендей тігу жеткілікті. Тігістердің бірі ішінен ғана көрінетін болуы және бұл тігіс үшін пайдаланылатын жіптердің түрі брезенттің өзінің түрінен, сондай-ақ екінші тігіс үшін пайдаланылатын жіптің түрінен белгілі бір мөлшерде ерекшеленуі тиіс. Барлық тігістер машинамен тігілуі қажет. (2)

4. Егер, брезент пластмассамен жабылған бірнеше матаның кесіктерінен құрастырылған болса бұл кесіктер осы Ережеге қоса берілген N 3 суретке сәйкес дәнекерлеу арқылы біріктірулай қажет. Әр кесіктің шеті екінші кесіктің шетін кемінде 15 мм жабуы тиіс. Кесіктерді біріктіру осы енінің өн бойы бойынша қамтамасыз етілуі қажет. Біріктірудің сыртқы шеті дәнекерлеудің осындай тәсілімен салынған, ені кемінде 7 мм пластмасса белдеумен жабылуы қажет. Бұл белдеуде, сондай-ақ әр жағы кемінде ені 3 мм болатын бір тұрғыдағы анық рельеф құйылуы тиіс. Дәнекерлеу кесіктер көзге көрінетін іздер қалдырмaston ажыратылмайтында және қайтадан біріктірілмейтіндей тұрғыда жүргізуі тиіс.

5. Жамау осы Ережеге қоса берілген N 4 суретте көрсетілген тәсілмен жүргізіледі; тігілетін шеттері бір біріне бүктелген және бір бірінен кемінде 15 миллиметрге алшақ екі анық көрінетін тігістермен біріктілген болуы тиіс; ішінен көрінетін жіптің түрі сыртынан көрінетін жіптің түрінен және брезенттің өзінің түрінен ерекшеленуі қажет; барлық тігістер машинада тігілуі тиіс. Шет шетінен бұлінген брезент бұлінген бөліктерін жамаумен ауыстыру жолымен жөнделетін жағдайда тігісі осы баптың 3-тармағының ережелеріне және осы Ережеге қоса берілген N 1 суретке сәйкес тігіледі. Пластмассамен жабылған мatalардан жасалған брезентті жөндеу осы баптың 4-тармағында айтылған әдіске сәйкес те жүргізуі мүмкін. Алайда, бұл жағдайда пластмасса лента брезенттің (3) екі жағынан жapsырылуы тиіс, ал жамау ішіне жapsырылады.

6. a) Брезент контейнерге осы Ереженің 1-бабының a) және b) тармақтарында айтылған шарттарға дәл сәйкестікте бекітілуі тиіс. Бекітудің мынадай түрлерін қолдану қарастырылады:

- i) контейнерге бекітілген металл шығыршық;
- ii) брезенттің шектеріндегі құлақшалар;
- iii) брезенттің үстінен шығыршық арқылы өтетін және сырт жағынан бүкіл ұзындығы бойынша көрінетін арқан немесе трос.

Брезент, егер контейнердің конструкциясы жүйесі өздігінен жукке қол сұғуға кедергі жасамайтын болса кемінде бекіту шығыршықтарының кіндігінен өлшенген ені 250 мм болатында сипатта контейнердің қатты бөлігінде болуы тиіс. (1)

b) егер, брезенттің шеттерін контейнерге тұйықтап бекітуді қамтамасыз ету қажет болса біріктіру үзіксіз болуы және мықты деталдардың көмегімен жүзеге асырылуы қажет. (2)

7. Шығыршықтардың арасындағы арақашықтық пен құлақшалардың арасындағы арақашықтық 200 миллиметрден аспауы тиіс. Алайда, шығыршықтардың және құлақшалардың арасындағы бұл арақашықтықтардың алшақ болуы, егер көлік құралының немесе брезенттің құрылышы жүк бөлімшесіне енуді толық жоққа шығаратын болса бағанның кез-келген жағынан 300 мм аспауы тиіс. Құлақшалар қатты болуы қажет. (1)

8. Бекітудің мынадай түрлері:

- а) диаметрі кемінде 3 мм. темір трос; немесе
- б) мөлдір созылмайтын пластмассалық тыспен қапталған, диаметрі кемінде 8 мм. пенкадан немесе сизалдан жасалған арқан қолданылады.

Тростар пластмассадан жасалған мөлдір созылмайтын қабықпен тұйықталуы мүмкін. (2)

9. Әрбір трос немесе арқан бір бөліктен тұруы және екі ұшында металл ұштығы болуы тиіс. Әрбір металл ұштықты бекітуге арналған құрал трос немесе арқан арқылы өтетін және ол арқылы кедендік мөрлер мен пломбалар үшін арқанша немесе лента сабакталған ойық шегеншеден тұруы тиіс. Трос немесе арқан олардың шынында да бір бөліктен тұратындығына көз жеткізуге болатында ойық шегеншешің екі жағынан да көрінетіндегі болып қалдырылуы қажет (осы Ережеге қоса берілген N 5 суретті қараңыз).

10. Брезентте тиеу және түсіру үшін пайдаланылатын терезесі бар жерлерде брезенттің екі шеті де тиісті тұрғыда жабылуы қажет. Олар, сондай-ақ:

- а) осы баптың 3 және 4-тармақтарының ережелеріне сәйкес тігілген немесе дәнекерленген қайырма етектің; (3)
- б) осы баптың 7-тармағының шарттарына жауап беретін шығыршықтың немесе қулақшаның; және
  - с) тиісті созылмайтын материалдан жасалған шығыршық арқылы өтетін және брезенттің екі шетін біріктіретін ені кемінде 20 мм және қалындығы кемінде 3 мм болатын бір кесектен дайындалған ременнің көмегімен бекітіледі; ремен брезенттің ішкі жағынан бекітіледі және осы баптың 8-тармағында айтылған, тросты немесе арқанды өткізуге арналған құлақшасы болуы тиіс. (1) Егер, көзге көрінетін іздер қалдырмaston жүктеге қол сұғуға кедергі келтіретін арнайы құрылғы (қорғаныштық қалқан және с.с.) болса қайырма етек керек емес.

11. 1-қосымшаға сәйкес контейнерде қойылуы тиіс таным белгілері мен 5-қосымшада көзделген рұқсат етілетіндігі туралы табличка ешқандай жағдайда да брезентпен жабылмауы тиіс. \_\_\_\_\_ (1) 1972 жылғы контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік комитетінің Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне енүі - 1983 жылғы 8 мамыр.

(2) 6, 4.4.3. - 1-қосымшаны қараңыз

(1) 6, 4.4.6. a) - 1, 4.4.6. a) - 2 және 4.4.6. a) - 3-қосымшаларды қараңыз

(2) 6, 4.4.6. b) - 1-қосымшаны қараңыз

(1) 1972 жылғы контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік

комитетінің Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне енуі - 1983 жылғы 8 мамыр. 6-қосымшаның 4.4.7-1 қараңыз.  
(2) 6, 4.4.8. - 1-қосымшаны қараңыз  
(3) 6, 4.4.10. а) - 1-қосымшаны қараңыз  
(1) 6, 4.4.10. с) - 1 және 4.4.10. с) - 2-қосымшаларды қараңыз

#### 5-бап

##### Ауыспалы ережелер

1977 жылдың 1 қаңтарына дейін, тіпті егер, олар бұрын қабылданған үлгідегі, мөлшері бұл суретте көрсетілгеннен кіші тесіктері бар ойық шегеншелерді қамтитын болса да осы Ережеге қоса берілген N 5 суретке сәйкес келетін ұштықтарды пайдалануға рұқсат етілетін болады.

#### 4-ҚОСЫМША - N 1 сурет

МАТАНЫҢ БІРНЕШЕ КЕСІКТЕРІНЕН ДАЙЫНДАЛҒАН БРЕЗЕНТ

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

#### 4-ҚОСЫМША - N 2 сурет

МАТАНЫҢ БІРНЕШЕ КЕСІКТЕРІНЕН ДАЙЫНДАЛҒАН БРЕЗЕНТ

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

#### 4-ҚОСЫМША - N 2 а) \* сурет

МАТАНЫҢ БІРНЕШЕ КЕСІКТЕРІНЕН БІРІКТІРІП

ТІГУ ӘДІСІМЕН ДАЙЫНДАЛҒАН БРЕЗЕНТ

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

\* 1972 жылғы контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Экімшілік комитетінің Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне енуі - 1983 жылғы 8 мамыр.

#### 4-ҚОСЫМША - N 3 сурет

МАТАНЫҢ БІРНЕШЕ КЕСІКТЕРІНЕН ДАЙЫНДАЛҒАН БРЕЗЕНТ

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

#### 4-ҚОСЫМША - N 4 сурет

Брезентті жамау

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

4-ҚОСЫМША - N 5 сурет

Ұштықтың үлгісі

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

## 5-ҚОСЫМША

4-қосымшада көзделген техникалық талаптарға  
жауап беретін контейнерлерге рұқсат етудің рәсімі

Жалпы ережелер

1. Контейнерлерге:

- a) не жасалуы сатысында - конструкциясының түрі бойынша (жасалуы сатысында рұқсат ету рәсімі);
- b) не қандай да болмасын одан кейінгі кезенде - жеке түрде немесе сол бір үлгідегі контейнерлердің белгілі бір партияларымен (дайындалғаннан кейін қандайда бір кезенде рұқсат ету рәсімі) кедендік мөрлермен және пломбалармен жүктерді тасымалдау үшін рұқсат етілуі мүмкін. (1)

Рұқсат етудің қос рәсіміне арналған жалпы ережелер

- 2. Рұқсат ету рәсімін жүзеге асыратын құзыретті орган рұқсат етілгеннен кейін өтінім жасаған кәсіпорынға жағдаятқа байланысты, не рұқсат етілген үлгідегі

контейнерлердің шектелмеген саны үшін, не контейнерлердің белгілі бір саны үшін жарамды рұқсат етілгендердің туралы күелік береді.

3. Рұқсат етілгендердің туралы күеліктің иесі кедендей мөрлермен және пломбалармен жүктерді тасымалдауға кіріспес бұрын рұқсат етілгендердің туралы табличканы рұқсат етілген контейнерге (руқсат етілген контейнерлерге) бекітіп қоюы тиіс.

4. Рұқсат етілгендердің туралы табличка ресми мақсаттарда берілген кез келген басқа да рұқсат етілгені туралы табличкамен қатар жақсы көрінетін жерге берік бекітілуі қажет.

5. Осы Қосымшаға 1-толықтыруда келтірілген N 1 үлгіге сәйкес келетін рұқсат ету туралы табличка мөлшері 20 см. x 10 см-ден кем емес металл пластинканы білдіреді. Оның бет жағында бері қойғанда француз және ағылшын тілдерінде төменде келтірілген жазулар кескішпен ойылып, бұдырмен жанышылып, немесе кез келген басқа да тәсілмен анықта берік жазылуы тиіс:

а) "Кедендей мөрлермен және пломбалармен тасымалдау үшін рұқсат етілген" деген жазу;

б) контейнер рұқсат етілген елдің не толық, не ИСО 3166 (1) Халықаралық Нормада көзделген елдің ИСО альфа-2 кодының көмегімен халықаралық қозғалыстағы автокөлік құралы тіркелген елді көрсету үшін пайдаланылатын ерекшелік белгісі түріндегі атауы және рұқсат етілгендердің туралы күеліктің нөмірі (сандар, әріптер және с.с.), сондай-ақ рұқсат етілген жылы (мысалы, "NL/26/73" деген "Нидерланды, 1973 жылы берілген N 26 рұқсат ету күелігі" деген сөздерді білдіреді);

с) контейнердің оған дайындаушы зауыт берген реттік нөмірі (зауыттық нөмірі);

д) егер, контейнерге конструкциясының үлгісі бойынша рұқсат етілсе - аталған үлгідегі контейнердің таным нөмірі немесе әріптері.

6. Егер, контейнер оған рұқсат ету рәсімінде ұйғарылған техникалық талаптарға одан әрі жауап бермейтін болса, онда кедендей мөрлермен және пломбарлармен жүктерді тасымалдау үшін пайдаланбас бұрын ол бұл техникалық талаптарға тағы да жауап беретіндей түрғыда оған рұқсат ету үшін негіздеме болатын жағдайға келтірілуі тиіс.

7. Егер, контейнердің негізгі сипаттамалары өзгертілсе бұл контейнерге рұқсат ету күшін жоғалтады және ол кедендей мөрлермен және пломбалармен жүктерді тасымалдау үшін пайдаланбас бұрын құзыретті органдардың жаңадан рұқсат ету нысанасына айналуы тиіс. \_\_\_\_\_ (1) 6, 5.1-1-қосымшаны қараңыз (1) 1972 жылғы контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Экімшілік кеңесінің Екінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1984 ж. 13-15 ақпан); күшіне енуі - 1985 жылғы 10 қыркүйек.

Конструкциясының түрі бойынша жасау сатысында  
руқсат етуге қатысты ерекше ережелер

8. Сол бір түрдегі конструкциялы контейнерлер сериямен жасалса дайындаушы зауыт олар жасалған елдің құзыретті органына оларға конструкциясы бойынша рұқсат ету туралы өтінім жасай алады.

9. Дайындаушы зауыт өзінің өтінімінде өз өтінімінің нысанасы болып табылатын контейнерлердің түрі бойынша беретін танымдық нөмірлері мен әріптерді көрсетуі қажет.

10. Рұқсат етуге жататын контейнер түрінің сызбалары мен егжей-тегжейлі сипаттамасы бұл өтінімге қоса берілуі тиіс.

11. Дайындаушы зауыт жазбаша түрде:

a) құзыретті органға ол тексергісі келген аталған үлгідегі контейнерлерді ұсынуға;  
b) құзыретті органға аталған нұсқаны сериялық шығару барысында кез келген сәтте басқа даналарын көруге рұқсат етуге;

c) бұл өзгерістер жасалғанға дейін олардың маңызы қандай болса да сызбалар мен конструкциялардың сипаттамаларындағы кез келген өзгерістер туралы құзыретті органға хабарлауға;

d) контейнерлерге көрнекті жерге рұқсат ету табличкалары үшін көзделген белгілерден басқа конструкциясы түрінің тану нөмірлері мен әріптерін, сондай-ақ осы түрдегі әрбір сериялық түрде шығарылатын контейнердің реттік нөмірін (зауыттық нөмір) жазуға;

e) рұқсат берілген нұсқаға байланысты жасалған контейнерлердің есебін жүргізуге міндеттеледі.

12. Құзыретті орган қажет болған жағдайда тасымалдауға рұқсат ету үшін көзделген нұсқадағы конструкцияға енгізілуі қажет өзгерістерді көрсетеді.

13. Егер, құзыретті орган осы нұсқау бойынша жасалған бір немесе бірнеше контейнерді тексерудің негізінде бұл нұсқадағы контейнерлер 4-қосымшада көзделген техникалық шарттарға жауап береді деген қорытындыға келмесе бірде бір контейнерге конструкциясының нұсқасы бойынша рұқсат ету рәсіміне сәйкес рұқсат етілмейді.

14. Қандай да бір контейнер түріне рұқсат еткеннен кейін өтінім жасаған кәсіпорынға бір данада осы Қосымшага 2-үстемеде келтірілген N 11 үлгіге сәйкес келетін және рұқсат етілген нұсқаның ерекшеліктеріне сәйкес жасалатын барлық контейнерлер үшін жарамды рұқсат етілгендердің туралы куәлік беріледі. Бұл куәлік дайындаушы зауытқа осы нұсқадағы әрбір сериялық контейнерге осы Қосымшаның 5-тармағында көзделген рұқсат етілгендердің туралы табличканы бекіту құқығын береді.

Жасалғаннан кейін қандай да бір кезеңге рұқсат  
беруге қатысты ерекше ережелер

15. Егер, өндіріс сатысында рұқсат ету туралы өтінім жасалмаса контейнерлерді

пайдалану жөніндегі иесі, кәсіпорын немесе оның немесе басқаның өкілі рұқсат ету сұралатын, олар контейнерді немесе контейнерлерді ұсынатын құзыретті органға мұндай рұқсат ету туралы өтінім жасай алады.

16. Рұқсат ету туралы кез келген өтінім осы Қосымшаның 15-тармағында көзделген жағдайда дайындаушы зауыт әрбір контейнерге жазатын реттік нөмірді (зауыттық нөмір) қамтуы тиіс.

17. Құзыретті орган өзі қажет деп санаған контейнерлердің осындай санын тексеру жолымен бұл контейнердің немесе бұл контейнерлердің 4-қосымшада көзделген техникалық шарттарға жауап беретіндігіне көз жеткізсе осы Қосымшаға 3-үстемеде келтірілген және контейнерлердің рұқсат етілген саны үшін ғана жарамды болатын N III үлгіге сәйкес келетін рұқсат

ету туралы куәлік береді. Дайындаушы зауыт ол қатысты контейнерге немесе контейнерлерге берген реттік нөмірі немесе реттік нөмірлері көрсетілген бұл куәлік өтінім жасаған кәсіпорынға әрбір рұқсат етілген контейнерге осы Қосымшаның 5-тармағында көзделген рұқсат етілгендердің туралы табличканы бекіту құқығын береді.

5-қосымшаға 1-үстеме

N 1 үлгі

Рұқсат ету туралы табличка

(француздық нұсқа)

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

5-қосымшаға 1-үстеме

N 1 үлгі

Рұқсат ету туралы табличка

(француздық нұсқа)

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

5-қосымшаға 2 үстеме

N II үлгі - 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты

кеден конвенциясы

Конструкцияның нұсқасы бойынша рұқсат ету туралы

куәлік

1. Куәліктің нөмірі\* .....

2. Төменде сипатталған контейнердің нұсқасына тасымалдауға рұқсат етілгендердің және осы нұсқаға сәйкес дайындалған контейнерлерге кедендік мөрлермен және пломбалармен жүктерді тасымалдауға рұқсат етуге болатындығы

анықталады.....

3. Контейнердің түрі.....
4. Конструкция нұсқасының тану нөмірлері немесе әріптері.....
5. Сызбалардың таным нөмірі .....
6. Конструкция сипаттамасының тану нөмірі
7. Ідистың салмағы .....
8. Сыртқы мөлшері сантиметрмен
9. Конструкцияның негізгі сипаттамасы (материалдардың түрі, конструкцияның түрі және с.с.)

10. Осы куәлік жоғарыда көрсетілген сызбаларға және конструкцияның сипаттамаларына сәйкес дайындалған барлық контейнерлер үшін жарамды.

11. Ол дайындаған әрбір рұқсат етілген түрдегі контейнерде рұқсат ету туралы табличканы бекітуге рұқсат берілген

(дайындаушы зауыттың атауы және мекен-жайы)

..... 19.....

(жері) (күні)

(куәлікті беруші мекеме немесе ұйымның қолы және мөрі)

\* Рұқсат ету туралы табличкада қойылуы тиіс әріптер мен сандарды көрсету керек (1972 жылғы контейнерлерге қатысты кедендей Конвенциясына 5-қосымшаның 5-тармағының b тармақшасын қараңыз).

Назар аударыңыздар  
(1972 жылғы Контейнерлерге қатысты кедендей  
конвенцияның 5-қосымшасының 6 және 7-тармақтары)

6. Егер, контейнер оған рұқсат ету рәсімінде ұйғарылған техникалық талаптарға одан әрі жауап бермейтін болса, онда кедендей мөрлермен және пломбалармен жүктеді тасымалдау үшін пайдаланбас бұрын ол бұл техникалық талаптарға тағы да жауап беретіндегі түрғыда оған рұқсат ету үшін негіздеме

болатын жағдайға келтірілуі тиіс.

7. Егер, контейнердің негізгі сипаттамалары өзгертулсе бұл контейнерге рұқсат ету күшін жоғалтады және ол кедендік мөрлермен және пломбалармен жүктерді тасымалдау үшін пайдаланбас бұрын құзыретті органдардың жаңадан рұқсат ету нысанасына айналуы тиіс.

5-қосымшаға 3-үстеме

N III үлгі

1972 жылғы Контейнерлерге қатысты кеден

конвенциясы

Дайындалғаннан кейін қандай да бір кезеңде рұқсат ету  
туралы күәлік

1. Күәліктің нөмірі\* .....

2. Төменде көрсетілген контейнер(лер)дің кедендік мөрлермен және

пломбалармен жүктерді тасымалдауға рұқсат етуге болатындығы куәландарылады.

3. Контейнер(лер)дің түрі.....

4. Контейнер(лер)ге дайындаушы зауыт берген реттік  
нөмір(лер).....

5. Ідістың салмағы.....

6. Сыртқы мөлшері, сантиметрде .....

7. Конструкцияның негізгі сипаттамасы (материалдардың түрі,  
конструкцияның түрі және с.с.).....

8. Жоғарыда көрсетілген контейнер(лер)ге рұқсат ету туралы табличканы  
бекітуге рұқсат берілген..... берілді

(тапсырыс берген кәсіпорынның атауы және мекен-жайы)

..... 19 .....

(жері)

(күні)

(куәлікті беруші мекеме немесе ұйымның қолы және мөрі)

(Ескертуді сыртқы беттен қараңыз)

\*Рұқсат беру туралы табличкада қойылуға тиісті әріптер мен сандарды  
көрсету керек (1972 жылғы контейнерлерге қатысты кедендік Конвенциясына

5-қосымшаның 5-тармағының б тармақшасын қараңыз).

Назар аударыңыздар

(1972 жылғы Контейнерлерге қатысты кедендік

Конвенцияның 5-қосымшасының 6 және 7-тармақтары)

6. Егер, контейнер оған рұқсат ету рәсімінде үйғарылған техникалық талаптарға одан әрі жауап бермейтін болса, онда кедендік мөрлермен және пломбалармен жүктөрді тасымалдау үшін пайдаланбас бұрын ол бұл техникалық талаптарға тағы да жауап беретіндегі түрғыда оған рұқсат ету үшін негіздеме

болатын жағдайға келтірілуі тиіс.

7. Егер, контейнердің негізгі сипаттамалары өзгертілсе бұл контейнерге рұқсат ету қүшін жоғалтады және ол кедендік мөрлермен және пломбалармен жүктөрді тасымалдау үшін пайдаланбас бұрын құзыретті органдардың жаңадан рұқсат ету нысанасына айналуы тиіс.

## 6-ҚОСЫМША

Түсіндірме жазбалар

Кіріспе

i) Осы Конвенцияның 13-бабының ережелеріне сәйкес түсіндірме жазбалар осы Конвенция мен оған Қосымшалардың кейбір ережелерін түсіндіруді қамтиды.

ii) Түсіндірме жазбалар осы Конвенцияның немесе оған Қосымшалардың ережелерін өзгертпейді, тек олардың мазмұнын, мағынасын және қолданылу саласын нақтылайды.

iii) Атап айтқанда, осы Конвенция мен оған 4-қосымшаның контейнерлерге кедендік мөрлермен және пломбалармен тасымалдауға рұқсат етуге қатысты 12-бабының ережелерінде белгіленген қағидаттарға байланысты түсіндірме жазбалар тиісті жағдайларда Уағдаласуши Тараптар осы ережелерге жауап беретіндегі сипатта қаралуға тиісті конструкциялық ерекшеліктер туралы нұсқауларды қамтиды.

Түсіндірме жазбаларда қажет болған жағдайда бұл ережелерге қандай конструкциялық ерекшеліктердің жауап бермейтіндігі де көрсетілуі мүмкін.

iv) Түсіндірме жазбалар осы Конвенция мен оған Қосымшалардың ережелерін техникалық даму деңгейіне және экономикалық талаптарға сәйкес келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

## 0. Конвенцияның негізгі мәтіні

0.1. 1-бап, с) тармақша і) - Ішінара жабық контейнерлер

0.1.с) і)-1. "ішінара жабық" термині 1-баптың с) і) тармақшасында айтылған жабдықтарға қатысты қолданылады, әдетте еденнен және жоғарғы конструкциядан тұратын, жүк тиесінде кеңістігін құрайтын жабық контейнердің жүк тиесінде кеңістігіне балама жабдыққа жатады. Жоғарғы конструкция әдетте контейнердің қаңқасын құрайтын металл элементтерден тұрады. Мұндай түрдегі контейнерлер бір немесе бірнеше бүйір немесе алдыңғы қабырғаларды қамтуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тек еденге діңгектермен бекітілген төбесі ғана болады. Контейнердің бұл түрі атап айтқанда рабайсыз жүктөрді (мысалы жеңіл автомобильдерді) тасымалдау үшін пайдаланылады.

d) тармақшасы - Контейнердің керек-жарақтары мен жабдықтары

0.1.с)-1. "контейнердің керек-жарақтары мен жабдықтары" термині атап айтқанда, тіпті олар алмалы-салмалы болып табылған жағдайда да, мынадай құрылғыларды қамтиды:

а) контейнердің ішіндегі температуралы бақылау, өзгерту немесе ұстауға арналған жабдықтар;

б) коршаған жағдайлар мен соққы әсерлерінің өзгерістерін көрсетуге немесе тіркеуге арналған шағын аспаптар, мысалы температуралы немесе соққы әсерлерін жазуға арналған аспаптар;

с) ішкі бөлу қабырғалары, түптері, сөрелері, тіректері, ілмешектері және жүкті орналастыруға және бекітуге қызмет ететін ұқсас құрылғылар.

## 4. 4-қосымша

4.2. 2-бап, 1-тармақша а) - Құраушы элементтерді жинау

4.2.1.а)-1. а) Бекіту тетіктерін (шегеншелер, шуруптар, болттар, гайкалар және с.с.) қолданған жағдайда, мұндай тетіктердің жеткілікті саны сырт жағынан қойылуы, бекітілетін элементтер арқылы өтуі, ішкі жақтан шығуы және сол жерде қатты бекітілуі (мысалы, шегеншелердің, дәнекерлеу, төлкелердің, болттардың және гайкаларды шегендеудің немесе дәнекерлеудің көмегімен) (1) тиіс. Алайда қарапайым шегеншелер (яғни оларды бекіту жиналатын тораптың екі жағынан жүзеге асырылатын шегеншелер) ішкі жағынан да енгізілуі мүмкін. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, олардың кейбір шеттері көлденең қиманың сыртқы жақ деңгейінен шықпайтын немесе оларға дәнекерленетін өзі тесетін шуруптарды қоспағандағы жағдайларда, жүк бөлімшесінің едені өзі тесетін шуруптардың немесе өзі бүрғылайтын шегеншелердің немесе жарылғыш зат зарядының, ішкі жақтан қойылатын және еден және төменгі көлденең

металл қималар арқылы тік өтетін шегеншелердің немесе қысылған ауаның көмегімен (2) қойылатын шпилкалардың көмегімен бекітілуі мүмкін.

b) Құзыретті орган қандай бекіту тетіктері және қандай мөлшерде осы жазбаның а) тармақшасының талаптарына сәйкес келу керектігін белгілейді; ол құраушы элементтердің оларды көзге көрінетін із қалдырмай ауыстырып салу мүмкін болмайтында түрде жиналғандығына көз жеткізуі тиіс. Кез келген басқа бекіту тетіктерін іріктеу және орналастыру ешқандай шектеуге жатпайды.

c) Бір жағынан көзге көрінетін із қалдырмай алынуы немесе ауыстырылуы мүмкін бекіту тетіктерін, яғни оларды қою жиналатын тораптың тек бір жағынан ғана жүргізілетін тетіктерді қолдануға осы жазбаның а) тармақшасының шарттары бойынша рұқсат етілмейді. Мұндай тетіктердің мысалдары көлденең қысым түсіруші шегеншелер, түйік шегеншелер және с.с. болып табылады.

d) Жоғарыда сипатталған жинау әдістері арнаулы контейнерлерге, мысалы изотермиялық контейнерлерге, контейнер-рефрижераторларға және контейнер цистерналарға қолданылады, өйткені олар өзінің тағайындалуына сәйкес мұндай контейнерлер қанағаттандыруы тиіс техникалық талаптарға қайшы келмейді. Техникалық себептер бойынша осы жазбаның а) тармақшасында сипатталған әдістермен құрамдас элементтерді бекіту мүмкін болмайтын жағдайларда, құрамдас бөліктер қабырғаның ішкі жағынан пайдаланылатын бекіту тетіктеріне сыртқы жақтан қол жеткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, осы жазбаның с) тармақшасында сипатталған тетіктердің көмегімен біріктірілуі мүмкін.

---

\_ (1) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Экімшілік кеңесінің Екінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1984 ж. 13-15 ақпан); күшіне енүі - 1985 жылғы 18 қыркүйек.

(2) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Экімшілік кеңесінің Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне енүі - 1983 жылғы 8 наурыз.

1-тармақша b) - Есіктер және өзге де жабу жүйелері

4.2.1. b)-1. a) Оларға кедендік мөрлер мен пломбалар қойылуы мүмкін құрал:

i) дәнекерлеу немесе 4.2.1.a)-1 түсіндірме жазбасы а) тармақшасының талаптарын қанағаттандыратын ең болмағанда екі бекіту тетіктерінің көмегімен бекітілуі; немесе

ii) контейнерді жапқаннан және сүргі салғаннан кейін бұл құралды көзге көрінетін із қалдырмай алуға болмайтында конструкцияны иеленуі; немесе

Оның:

iii) диаметрі 11 мм-ден кем емес тесігі немесе ені 3 мм болғанда ұзындығы 11 мм-ден кем емес ойығы болуы да және

iv) сүргі салудың кез-келген тәсілі мен түрі жағдайында бірдей беріктік көрсетуі тиіс.

b) Ілмектер, топсалар, шарнирлер және есіктерді қоюға арналған басқа да тетіктер және с.с. осы жазбаның a), i) және ii) тармақшаларының талаптарына (1) сәйкес бекітілуі тиіс. Бұдан басқа, мұндай құрылғының әртүрлі құрамдас бөліктері (мысалы, ілмектері, шүберіндері немесе шарнирлері) оларды жабық және сүргі салынған контейнерден көзге көрінетін із қалдырмай алуға немесе ауыстырып қоюға болмайтында етіп бекітілуі тиіс. Алайда мұндай құрылғыға сыртқы жақтан қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда, жабық және сүргі салынған есікті бұл құрылғыдан көзге көрінетін із қалдырмай ажыратудың мүмкін еместігін қамтамасыз ету жеткілікті. Есіктің немесе жабу жүйесінің екіден көп ілмегі болған жағдайда, тек шеткі жақтарға жақын есіктердің ілмектері жоғарыда көлтірілген a), i) және ii) тармақшасының талаптарына сәйкес бекітілуі тиіс. (1)

c) тек изотермиялық контейнерлер жағдайында ғана кедендік мөрлер мен пломбалар салуға арналған құрылғы, ілмектер мен оларды алу контейнердің ішіне немесе жүктерді жасыруға жарамды басқа да жерлерге енуді қамтамасыз ететін басқа да тетіктер мұндай контейнерлердің есіктеріне сырт жағынан қойылатын, бірақ 4-қосымшаға түсіндірме жазбаның 2-бабы 1a) тармағының a) тармақшасының талаптарын қанағаттандырмайтын бұрандалы болттар мен винттердің көмегімен:

i) бұрандалы болттар мен винттердің өзектері бұрандалы тесіктері бар табаққа немесе сыртқы қабатына немесе есік конструкциясының қабаттарына қатынасы бойынша осыған ұқсас құрылғыға бекітілетін; және

ii) бұрандалы болттар мен винттердің тиісті мөлшерінің бастары кедендік мөрлер мен пломбалар салуға арналған құрылғыға, ілмектерге және т.б. олар толығымен деформацияланатын және бұрандалы болттар мен винттерді көрінетін із қалдырмай бұзы мүмкін болмайтында түрде бекітілетін жағдайда орнатылуы мүмкін (осы Қосымшаға қоса беріліп отырған 4-суретті қараңыз).

"Термоизоляциялы контейнер" ретінде контейнер рефрижератор да, изотермиялық контейнер де түсініледі. (2)

d) Қақпақшалар, стопорлық шүмектер, люктердің қақпақтары, фланцтар және с.с. көп жабу құрылғылары бар контейнерлердің кеден мөрлері мен пломбаларының саны мүмкіндігінше шектеулі болатындағы конструкциясы болуы тиіс. Осы мақсатпен көршілес жабу құрылғылары тек бір ғана кеден мөрін немесе пломбасын қоюды талап ететін ортақ құралдың көмегімен байланысуы тиіс немесе сондай талаптарға жауап беретін қақпақпен жабдықталуы тиіс.

e) Ашылатын қақпағы бар контейнерлер оларға кеден мөрлері мен пломбаларының неғұрлым аз санының көмегімен сүргі салуға болатында етіп құрастырылуы тиіс.

(1) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік кеңесінің Екінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1984 ж. 13-15 ақпан); күшіне енүі - 1985 жылғы 18 қыркүйек.

(2) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік кеңесінің

Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне енуі - 1983 жылғы 8 наурыз.

### 1-тармақша с) - Желдеткіш тесіктер

- 4.2.1. с)-1. а) Олардың ең үлкен мөлшері 400 мм-ден аспауы тиіс.
- б) Жүкке тікелей қол жеткізу мүмкіндігін беретін тесіктер сым торлармен немесе перфорирланған металл экранмен (екі жағдайда да тесіктерінің ең үлкен мөлшері 3 мм) жабылуы және дәнекерленген металл торлармен (тесіктерінің ең үлкен мөлшері 10 мм) қорғалуы тиіс.
- с) Жүкке тікелей қол жеткізу мүмкіндігін бермейтін тесіктер де (мысалы иіндер жүйесі мен дефлекторлардың болуының арқасында) осындай құралдармен жабдықталуы тиіс, бірақ тесіктерінің мөлшерлері тиісінше 10 және 20 мм-ге жетуі мүмкін.
- д) Тесіктер брезентте орнатылған жағдайларда, негізінен осы жазбаның тармақшасында айтылған құрылғылардың болуы көзделуі тиіс. Алайда сыртқы жақтан қойылған перфорирланған металл экран және ішкі жақтан қойылған сым немесе өзге де тор түріндегі жабу құрылғыларын орнатуға рұқсат етіледі.
- е) Металл емес бірдей құрылғыларға тесіктердің талап етілетін мөлшерлері және пайдаланылатын материалдың бұл тесіктерді көзге көрінетін із қалдыра отырып едәуір ұлғайту мүмкіндігін болдырмайтында жеткілікті беріктігі болған жағдайда рұқсат етіледі. Бұдан басқа, желдеткіш құрылғылар оларды брезенттің тек бір жағынан ғана қимылдай отырып алу мүмкін болмайтында түрде құрастырылуы тиіс. (1)
- ф) Желдеткіш тесік қорғау құрылғысымен жабдықталуы мүмкін; ол брезентке бұл тесікті кедендей бақылау мүмкін болатында түрде бекітілуі тиіс. Қорғау құрылғысы брезентке желдеткіш тесіктің экранынан кем дегенде 5 см арақашықтықта бекітілуі тиіс. (1) \_\_\_\_\_ (1) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік кеңесінің Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне енуі - 1983 жылғы 8 наурыз.

### 1-тармақша с) - Дренажды тесіктер

- 4.2.1. с)-2. а) Олардың ең үлкен мөлшері негізінен 35 мм-ден аспауы тиіс.
- б) Жүкке тікелей қол жеткізу мүмкіндігін беретін тесіктер түсіндірме жазбаның 4.2.1. с)-1 желдеткіш тесіктерге арналған б) тармақшасында ұйғарылған құрылғылармен жабдықталуы тиіс.
- с) Дренаждың тесіктер жүкке тікелей қол жеткізу мүмкіндігін бермейтін жағдайларда тесіктер контейнердің ішкі жағынан оңай қол жететін дефлекторлардың сенімді жүйесімен жабдықталған жағдайда осы жазбаның б) тармақшасында көрсетілген құрылғылар талап етілмейді.

#### 4.4. 4-бап

3-тармақ - Бірнеше бөліктерден құрастырылған брезент

4.4.3-1. а) Бір брезентті құрайтын жеке бөліктер 4-қосымшаның 4-бабының 2-тармағының ережелерін қанағаттандыратын әртүрлі материалдардан орындалуы мүмкін.

б) Брезентті дайындау кезінде, бөліктер 4-қосымшаның 4-бабының талаптарына сәйкес біріктірілген жағдайда, бөліктердің қауіпсіздікті жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ететін кез келген орналасуына рұқсат етіледі. 6-тармақша а)

4.4.6.а)-1. Брезентті контейнерге бекітуге арналған және брезентті контейнердің бұрыштық элементтеріне бекітуге арналған конструкциялар жүйесінің кедендей талаптар тұрғысынан қолайлы мысалдары осы Қосымшада келтірілген N 1, N 2 және N 3 суреттерде көрсетілген.

6. а)-1-тармақша - Сырғымалы шығыршықтары бар брезентпен жабылған контейнерлер

4.4.6.а)-2 Контейнерлерге бекітілген металл штангалармен сырғитын брезентті бекітуге арналған металл шығыршықтарға осы тармақтың мақсатында (осы Қосымшаның 5-суретін қараңыз):

а) штангілер контейнерлерге ең көп болғанда 60 см аралық арқылы, оларды орнына көзге көрінетін із қалдырмай алуға және қайта қоюға болмайтындей түрде бекітілген;

б) шығыршықтар қос болатын немесе орталық өзегі болатын және дәнекерлеу қолданылмай тұтас дайындалған;

с) брезент контейнерге осы Конвенцияға 4-қосымшаның 1 а) бабында келтірілген талаптарға қатаң сәйкестікте бекітілген жағдайларда рұқсат етіледі. (1)

6. а) і) тармақша - Брезентпен жабылған бұрма шығыршықтары бар контейнерлер

4.4.6.а)-3 Әрқайсысы контейнерге бекітілген металл тұтқамен айналатын металдан жасалған бұрма шығыршықтар:

а) әрбір тұтқа контейнерге оны көзге көрінетін із қалдырмай алу және қайтадан орнына қою мүмкін болмайтындей түрде бекітілген; және

б) әрібр тұтқаның астындағы серіппе қонырау үлгісіндегі нысанда металл қақпақпен толық жабылуы тиіс болған жағдайда осы тармақтың (осы Қосымшага ілеспе 6-суретті қараңыз) мақсаттары үшін орынды болып табылады. (2)

6. б) тармақша - Брезенттің толық бекітілуі

б)-1 Брезенттің бір немесе бірнеше шеттері контейнердің шанағына толық бекітілген жағдайларда брезент металдан немесе контейнердің шанағына осы Қосымшаның 4.2.1.а) жазбасы а) тармақшасының талаптарын қанағаттандыратын бекіту тетіктерімен бекітілген басқа да ынғайлы материалдан жасалған бір немесе бірнеше ленталардың көмегімен ұстап тұрылуы тиіс. (1) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (1) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік кеңесінің

Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне ені - 1983 жылғы 8 наурыз.

(2) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік кеңесінің Екінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1984 ж. 13-15 ақпан); күшіне ені - 1985 жылғы 18 қыркүйек.

7-тармақ - Шығыршықтардың арасындағы және құлақшалардың арасындағы арақашықтық

4.4.7.-1 Егер шығыршықтар борттарға енгізілген және құлақшалар сопақ нысанды және шығыршыққа саңылаусыз киілітіндей кішкене болса бағандардың үстінде 200 мм-ден астам, бірақ 300-мм-ден көп емес арақашықтыққа рұқсат етіледі. (1)

8-тармақ - Тоқыма өзекшесі бар бекіту тростары

4.4.8-1. Осы тармақтың ережелері бойынша тростардың диаметрі (егер ондай бар болса, мөлдір пластмасса қабықты есептемегендеге) 3 мм-ден кем болмайтын жағдайда, өзекшені толық жауып тұратын болат сымнан жасалған ең аз дегенде алты стренгамен (2) оралған тоқыма өзекшесі бар тростарды қолдануға рұқсат етіледі.

10-тармақша а) - Брезенттің қайырмалы керме едендері

4.4.10. a)-1 Көптеген контейнерлерде брезент сыртқы жағынан контейнердің бүйір жағының бойымен өтетін құлақшалары бар көлденең қайырмалы еденмен жабдықталған. Керме едендер деп аталатын осындай қайырма едендер тростардың немесе ұқсас құрылғылардың көмегімен брезентті керу үшін пайдаланылады. Бұл едендер контейнерде тасымалданатын жүкке қол жеткізуге мүмкіндік беретін брезентте жасалатын көлденең тіліктерді жабу үшін пайдаланылды. Сондықтан осы түрдегі қайырма едендерді пайдалануға жол бермеу ұсынылады. Олардың орнына атап айтқанда, мынадай құрылғыларды пайдалануға болады:

а) брезенттің ішкі жағынан бекітілетін ұқсас конструкциядағы керме қайырмалы едендер; немесе

б) әрқасысының бір құлақшасы бар, брезенттің сыртқы жағынан бекітілетін және бір-бірінен брезенттің қажетті керілуі қамтамасыз етілетіндей арақашықтықта орналасқан жекелеген кішкене қайырма едендер.

Кейбір жағдайларда балама ретінде брезентке керме едендерді пайдаланудан бастартуға болады. (1)

10-тармақша с) - Белдіктер

4.4.10.c)-1. Белдіктер дайындау үшін мынадай материалдар қолданылуы мүмкін:

а) тері;

б) мұндаидардың бүлінгеннен кейін көзге көрінетін із қалдырмай дәнекерлеу немесе қалпына келтіру мүмкін болмайтын жағдайларда пластик сіңірліген немесе резенкелеген маталарды қоса алғанда созылмайтын (1) тоқыма материалдар. Сонымен қатар белдіктерді жабу үшін пайдаланылатын пластикалық материал мөлдір,

ал оның беті тегіс болуы тиіс. (1)

4.4.10.c)-2. Осы Қосымшада келтірілген N 3 суретте көрсетілген құрылғы 4-қосымшаның 4-бабының 10-тармағының соңғы абзацының талаптарына жауап береді.

4. Ол сондай-ақ 4-қосымшаның 4-бабының 6-тармағының талаптарына да жауап береді. \_\_\_\_\_ (1) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Экімшілік кеңесінің Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған ( 1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне енуі - 1983 жылғы 8 наурыз.  
(2) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Экімшілік кеңесінің Екінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1984 ж. 13-15 ақпан); күшіне енуі - 1985 жылғы 18 қыркүйек.

## 5. 5-қосымша

### 5.1. 1-тармақ - Брезентпен жабылған қос-қостан біріктірілген

контейнерлерге рұқсат ету

5.1-1. Егер, кедендік мөрлермен және пломбалармен тасымалдауға рұқсат етілген брезентпен жабылған екі контейнер олар бір брезентпен жабылып, бір контейнерді құрайтындаған етіп біріктірілген және кедендік мөрлермен және пломбалармен тасымалдау кезінде қойылатын талаптарды қанағаттандыратын болса, онда контейнерлердің мұндай жиынтығы үшін жеке рұқсат беру туралы күәлік немесе рұқсат беру туралы табличка талап етілмейді.

#### 6-ҚОСЫМША N 1 сурет

Брезентті контейнерге бекітуге арналған конструкциялық құрылғы  
Төменде бейнеленген құрылғы 4-қосымшаның 4-бабының 6 а)  
тармақшасының талаптарына жауап береді  
(Қағаз мәтіннен қараңыз)

#### 6-ҚОСЫМША N 2 сурет

Брезентті контейнердің бұрыштық элементтеріне бекітуге арналған құрылғы  
Төменде бейнеленген құрылғы 4-қосымшаның 4-бабының 6 а) тармақшаның талаптарына жауап береді  
(Қағаз мәтіннен қараңыз)

#### 6-ҚОСЫМША N 3 сурет

Брезентті контейнерге бекіту әдісінің басқа мысалы  
Төменде бейнеленген құрылғы 4-қосымшаның 4-бабы 10-тармағы соңғы абзацының талаптарына жауап береді. Ол 4-қосымшаның 4-бабы 6-тармағының талаптарына да жауап береді.  
(Қағаз мәтіннен қараңыз)

## 6-ҚОСЫМША N 4 сурет\*

Термобөлектелген контейнерлердің екітеріне кедендей мөрлер мен  
пломбаларды қоюға арналған қондырығы шығыршығының үлгісі

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

---

\* 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік кеңесінің  
Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне  
енуі - 1983 жылғы 8 наурыз.

## 6-ҚОСЫМША N 5 сурет\*

Жылжымалы шығыршықты брезентпен жабылған контейнерлер

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

---

\* 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік кеңесінің  
Бірінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1981 ж. 11-13 мамыр); күшіне  
енуі - 1983 жылғы 8 наурыз.

## 6-ҚОСЫМША N 6 сурет\*

Бұралатын шығыршықтың үлгісі ("D" шығыршық)

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

---

\* 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кеден конвенциясы Әкімшілік кеңесінің  
Екінші кеңесіндегі түзетумен жабдықталған (1984 ж. 13-15 ақпан); күшіне  
енуі - 1985 жылғы 18 қыркүйек.

## 7-ҚОСЫМША

## Әкімшілік комитеттің құрамы мен оның рәсімінің ережесі

1-бап. 1. Әкімшілік комитеттің мүшелері Уағдаласуши Тараптар болып табылады.

2. Комитет Уағдаласуши Тараптар болып табылмайтын осы Конвенцияның 18-бабында айтылған мемлекеттердің құзыретті әкімшіліктері немесе халықаралық ұйымдардың өкілдері Комитеттің сессияларында оларды қызықтыратын мәселелерді қарау кезінде байқаушылар ретінде қатыса алатындығы жөнінде қаулы етуі мүмкін.

2-бап. Кедендейк ынтымақтастық кеңесі Комитетке секретариат қызметін ұсынады.

3-бап. Жыл сайын бірінші сессиясында Комитет төрағаны және төрағаның орынбасарын сайлайды.

4-бап. Уағдаласуши Тараптардың құзыретті әкімшіліктері Кедендейк ынтымақтастық кеңесіне осы Конвенцияға түзетулер енгізу туралы дәлелді ұсыныстарын, сондай-ақ қайсыбір тармақтарды Комитет сессиясының күн тәртібіне енгізу туралы өтініштерін жолдайды. Кедендейк ынтымақтастық кеңесі бұл ұсыныстарды Уағдаласуши Тараптардың және осы Конвенцияның 18-бабында айтылған Уағдаласуши Тараптар болып табылмайтын мемлекеттердің құзыретті әкімшіліктерінің назарына жеткізеді.

5-бап. Кедендейк ынтымақтастық кеңесі Комитеті осы соңғысы белгілеген мерзімде, сондай-ақ кем дегенде бес Уағдаласуши Тараптар құзыретті әкімшіліктерінің өтініші бойынша, бірақ әрі кеткенде екі жылда бір рет шақырады. (\*) Ол алдын ала күн тәртібін Уағдаласуши Тараптардың және осы Конвенцияның 18-бабында айтылған Уағдаласуши Тараптар болып табылмайтын мемлекеттердің құзыретті әкімшіліктеріне кем дегенде Комитет сессиясының басталуынан 6 апта бұрын жібереді.

2. Осы Ереженің 1-бабының 2-тармағының ережелеріне орай қабылданған Комитет шешімінің негізінде Кедендейк ынтымақтастық кеңесі осы Конвенцияның 18-бабында айтылған Уағдаласуши Тараптар болып табылмайтын мемлекеттердің құзыретті әкімшіліктеріне және мұдделі халықаралық ұйымдарға өз бақылаушыларын Комитет сессиясына жіберуді ұсынады.

(\*) 1972 жылғы Контейнерлерге қатысты Кедендейк конвенцияның Әкімшілік комитетінің Екінші кеңесінде түзетумен жабдықталды, (1984 жылғы 13-15 ақпан); күшіне енгізілуі - 1985 жылғы 18 қыркүйек.

6-бап. Ұсыныс дауысқа салынады. Сессияга келген әрбір Уағдаласуши Тараптың бір дауысы болады. Осы Конвенцияға түзетулер енгізу туралы ұсыныстар болып табылмайтын ұсыныстар Комитетте қатысушылардың және дауыс берушілердің көпшілік даусымен қабылданады. Осы Конвенцияға түзетулер және осы Конвенцияның

21-бабының 5-тармағында және 22-бабының 6-тармағында айтылған түзетулердің күшіне енуіне қатысты шешімдер қатысушылар мен дауыс берушілердің үштен екіншіндең көпшілік даусымен қабылданады.

7-бап. Сессия жабылардан бұрын Комитет баяндаманы бекітеді.

8-бап. Осы Қосымшада тиісті ережелер болмаған жағдайда, егер Комитет өзгеше шешпесе, Кедендей ынтымақтастық кеңесінің Рәсімдер ережесі қолданылады.

### Қол қою туралы хаттама

Осы Конвенцияға бәлені күні қол қою сәтінде оған өз үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар мыналарды мәлімдейді:

1. Контейнерлерді уақытша әкелу қағидаты тиесілі әкелу баждары мен алымдарын есептеу кезінде уақытша әкелу рәсіміне сәйкес әкелінген контейнердің салмағы немесе құны ондағы тасымалданатын жүктің салмағына немесе құнына қосылуымен сыйыспайды. Контейнерлерде тасымалданатын жүктөр үшін ресми белгіленетін ыдысқа арналған белгілі бір коэффициентті жүктің салмағына қосу мұндай қосу жүктөр контейнерлермен тасымалданатындықтан емес, хаттаманың болмауына немесе оның ерекше сипатына байланысты жүргізілген жағдайда рұқсат етіледі.

2. Осы Конвенцияның ережелері ұлттық үйғарымдарды немесе контейнерлерді пайдалануды регламенттейтін кедендей емес сипаттағы халықаралық келісімдерді қолдануға кедергі жасамайды.

3. Уағдаласуши Тараптар бұл контейнерлерге олардың анықтамалары осы

Конвенцияда келтірілген контейнерлерге қолданатынға ұксас уақытша әкелу рәсімін қолдануға ұмтылатын болады.

4. Осы Конвенцияның 6, 7 және 8-баптарының ережелерінде көзделген контейнерлерді уақытша әкелу рәсіміне келер болсақ, Уағдаласуши Тараптар кез келген кедендей құжаттар мен кез келген кепілдіктерді қысқартудың олардың Осы Конвенцияның негізгі мақсаттарының біріне қол жеткізуге ықпал ететіндігін мойындайды және олар осы нәтижеге жетуге ұмтылатын болады.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК